

Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақытылы кешенді көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 919, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 819 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 688 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 6 қазанда № 14387 болып тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақытылы кешенді көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы құқықтық нормативтік актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму _____ Т. Дүйсенова	Республикасының Инвестициялар және даму министрі	Қазақстан министрі _____ Ж. Қасымбек	Республикасының
Қазақстан Ішкі істер _____ Қ. Қасымов	Республикасының министрі		

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 819,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 688
және Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 919,
бірлескен бұйрығымен бекітілген

Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жол-көлік оқиғаларына жедел қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидалары тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі (бұдан әрі – шұғыл шақыру жүйесі) – навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары мен деректерін пайдалана отырып жұмыс істейтін, шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерге Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) және өзге де төтенше жағдайлар туралы қалыпқа түсірілген ақпарат беруді қамтамасыз ететін мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

2) авариялық-құтқару жұмыстары – адамдарды құтқару, жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, оларға тән қауіпті факторлардың әсерін оқшаулау және басу немесе ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдар;

3) авариялық-құтқару қызметі – бірыңғай жүйеге функционалдық біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған, азаматтық қорғаудың ұйымдық-біріктірілген басқару органдарының, авариялық-құтқару құралымдары мен құралдарының жиынтығы;

4) авариялық-құтқару құралымы – авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе аттестатталған авариялық-құтқару қызметінің құрамына кіретін азаматтық қорғау күштерінің ұйымдық-құрылымдық бірлігі;

5) бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметі (бұдан әрі – БКДК) – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі;

6) жедел медициналық көмек бөлімшесі - апат болған жерде, сонымен қатар барар жолда оның негізгі қызметі шұғыл медициналық көмек көрсету болып табылатын аудандық (қалалық) ауруханалардың (емханалардың) бөлімшесі;

7) жедел медициналық көмек станциясы (бөлімшесі) - оқиға болған жерде, сонымен қатар барар жолда оның негізгі қызметі шұғыл медициналық көмек көрсету болып табылатын жедел медициналық көмек (бұдан әрі –ЖМК) ұйымы;

8) ЖКО – көлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға ;

9) зардап шеккен – жол-көлік оқиғалары салдарынан несесе сонының зардабынан зиян (нұқсан) келтірілген жеке тұлға;

10) құтқарушы – авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы даярлықтан өткен және аттестатталған (қайта аттестатталған) жеке тұлға;

11) "Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – ҰШМҰО) – халыққа санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету жөніндегі медициналық ұйымдардың қызметіне басшылық етуді және оларды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

12) санитариялық автокөлік – зардап шеккендерді, сондай-ақ алып жүретін медицина персоналын тасымалдауға арналған мамандандырылған жерүсті көлік құралы;

13) санитариялық авиакөлік - науқастар мен зардап шеккендерді, сондай-ақ алып жүретін медицина персоналын тасымалдауға арналған жабдықталған мамандандырылған әуе көлік құралы (ұшақ, тікұшақ);

14) санитариялық авиация – пациенттің орналасқан жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтың және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауына байланысты медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек ұсыну нысаны;

15) ЖКО медициналық-санитариялық және өзге де салдарын жою кезіндегі кезек күттірмейтін жұмыстар (бұдан әрі – кезек күттірмейтін жұмыстар) – авариялық-құтқару жұмыстарын жан-жақты қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайлар жасау жөніндегі қызмет;

16) трассалық медициналық-құтқару пункті (бұдан әрі – ТМҚП) – тәулік бойы шұғыл медициналық, оның ішінде ТМҚП шұғыл ден қою бригадаларының ЖКО және ТЖ орнына шығуы, сондай-ақ зардап шеккендерді эвакуациялауы арқылы көмек көрсетуге арналған үлгі кешендік құрылыс;

17) шұғыл қимылдайтын жедел қызметтер – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсететін қызметтер;

18) шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғысы– жұмыс істеп тұрған кемінде екі жаһандық навигациялық спутниктік жүйе сигналдарының көмегімен көлік құралының координаттарын, жылдамдығын және қозғалыс бағытын айқындауды, ЖКО және өзге де төтенше жағдай кезінде көлік құралы туралы хабарлама беруді, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы шұғыл қимылдайтын жедел қызметтермен екіжақты дауыс байланысын жүзеге асыратын және қамтамасыз ететін құрылғы;

19) шұғыл шақыру жүйесінің операторы – шұғыл шақыру жүйесін басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті ұйым;

20) уәкілетті органның шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметі – ТЖ аймағындағы халыққа медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге, төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтауға, қалпына келтіруге және оңалтуға арналған кәсіби медициналық авариялық-құтқару қызметі;

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2-тарау. ЖКО жағдайына жедел ден қою тәртібі

4. ЖКО зардап шеккендерге уақтылы кешенді көмек көрсету ЖКО жағдайы туралы ақпарат түскен сәттен басталады. Шұғыл қимылдайтын қызметтер ЖКО зардап

шеккендерден, ЖКО көргендерден, сондай-ақ авариялар және апаттар кезіндегі шұғыл шақырту операторынан ЖКО жағдайы туралы ақпаратты уақтылы және жедел қабылдауды жүзеге асырады.

5. 101, 102, 103 қызметтеріне және авариялар және апаттар кезіндегі шұғыл шақырту жүйесіне сигнал түскен кезде осы қызметтердің (бөлімдердің) жедел кезекшілері БДКҚ-ға ақпарат береді. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес БДКҚ ақпаратты ЖКО болған жауапкершілік аймағындағы ТМҚП кезекші диспетчеріне, ҚМП ұйымының жақын жерде орналасқан бөлімшелеріне немесе ҰШМУО диспетчерлік қызметіне, "Қазақавтожол" ЖШС құлақтандыру схемасы бойынша (бұдан әрі – Схема), сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес диспетчердің іс-қимылдары алгоритміне сәйкес айқындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6. ЖКО туралы, оның ішінде авариялар және апаттар кезінде шұғыл шақыру жүйелерін пайдалану арқылы ақпаратты бірінші алған шұғыл ден қою қызметі оны алған сәттен бастап дереу БКДҚ хабар беруді жүзеге асырады.

7. ЖКО, зардап шеккен адамдар мен өзге де салдары туралы ақпарат өзгерген не толықтырылған кезде қосымша мәліметтерді бірінші алған шұғыл ден қою қызметі оны алған сәттен бастап дереу БКДҚ хабар беруді жүзеге асырады.

8. ЖКО туралы барлық ақпараттың өтуі, оның ішінде авариялар және апаттар кезінде шұғыл шақыру жүйелері мен БКДҚ пайдалана отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда шұғыл ден қою қызметтерінің журналдарында көрсетіледі.

9. Белгілі бір шұғыл ден қою қызметі жасалған ЖКО бейінді ден қою қажеттілігі туралы ақпарат алған жағдайда қандай да бір жедел іс-шараны жүргізу мүмкін болмаса не осы жедел іс-шараларды жүргізу қажеттілігі болмаса, онда қабылданған шешім туралы барлық мүдделі қызметтерге дереу хабарланады.

10. Ақпараттың өтуін неғұрлым тиімді ұйымдастыру үшін ден қою қызметтері орындарда бірлескен құлақтандыру схемаларын әзірлейді, оларда диспетчерлік қызметтердің, диспетчерлік қызметтердің жауапты адамдарының, ЖКО-ға ден қою қызметтерінің мобильді бригадаларының жауапты адамдарының телефоны көрсетіледі.

3-тарау. ЖКО-да зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

11. ЖКО-да зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек ұйымдастырудың негізгі іс-шаралары:

1) көлік құралдары мен басқа да объектілерден зардап шеккендерді жедел шығаруды қамтамсыз ету;

2) ЖКО салдарынан зардап шеккендерге шұғыл алғашқы медициналық көмек көрсету;

3) ТЖ салдарларын жою болып табылады.

12. Орындалатын іс-қимылдардың бірінші кезектілігін бейінді қызметтер азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау және мейлінше материалдық нұқсанды болдырмау қағидатына сүйене отырып, белгіленген құзырет шегінде дербес анықтайды. ЖКО орнына бірінші болып келген шұғыл ден қою қызметтерінің өкілдері қалыптасқан жағдайды алдын ала бағалайды және бастапқы мәліметтерді ЖКО туралы ақпараттың өтуіне жауапты адамдарға береді. ЖКО орнына келуі шұғыл ден қою қызметтерінің кезекші қызметіне (бөліміне) ЖКО орнында басқа да бөлімшелердің болғанын көрсете отырып, келу уақыты туралы ақпаратты беру арқылы тіркеледі.

13. Көлік құралынан және басқа да объектілерден зардап шеккендерді жедел шығаруды қамтамсыз етуді "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 12-тармағына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның бөлімшелері жүргізеді.

14. ЖКО-да зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге:

1) ЖКО орында және медициналық ұйымға барар жолда бір сағат ішінде дәрігерге дейінгі көмек;

2) ЖКО орында және медициналық ұйымға барар жолда және медициналық ұйымда білікті медициналық көмек;

3) ЖКО-да зардап шеккендерге бейінді медициналық ұйымдарда мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек кіреді.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес, ЖКО салдарынан зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуді алгоритмге сәйкес ЖМК және ТМҚП бригадалары жүргізіледі.

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, зардап шеккендердің көп саны болған ЖКО кезінде ЖКО салдарынан зардап шеккендерге алгоритмге сәйкес зардап шеккендерді эвакуациялау көліктік сұрыптау принциптерін қолданумен ЖМК және ТМҚП бригадалары жүргізеді.

15. ЖКО салдарын жою Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 502 бұйрығымен бекітілген Авария, өрт, табиғи апат салдарын жою кезінде және басқа да төтенше оқиғалар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі, (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11561 болып тіркелген) (бұдан әрі – Нұсқаулық);

16. ЖКО сипатына, зардап шеккендердің санына, салдарының ауырлығына және адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен ұштасатын өзге де жағдайларға қарай

ЖКО болған орынға бірінші болып келген қызметтің өкілі қосымша күштер мен құралдарды тарту туралы шешім қабылдайды. Қабылданған шешім туралы ЖКО туралы ақпараттың өтуіне жауапты адамға хабарланады, ол қосымша күштер мен құралдарды тарту туралы шешім алған сәттен бастап 5 минуттен кешіктірмей барлық мүдделі қызметтерге хабар беруді жүзеге асырады.

17. ЖКО орнынан ден қою күштерін алып тастау немесе басқа бағытқа жіберу туралы шешімді басқа шұғыл ден қою кезекші қызметтерімен келісе отырып, әрбір шұғыл ден қою қызметі қабылдайды.

18. ЖКО шұғыл ден қою қызметтерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру аға лауазымды адамдардың деңгейінде жүзеге асырылады. ЖКО орнында қандай да бір бейінді қызмет болмаған жағдайда шұғыл ден қою қызметтерінің кезекші қызметтерімен (бөлімдері) өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады. Егер ЖКО орнында қандай да бір бейінді қызмет болмауы, қайталама зақымдаушы фактордың туындауы жағдайдың ушығуына әкеп соғуы мүмкін болса, онда кезек күттірмейтін іс-шараларды жүргізу туралы шешімді ЖКО орнына келген қызметтер, келмеген ведомствоның кезекші қызметімен (бөлімімен) бірлесіп қабылдайды.

19. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ІІО бөліністері арқылы ЖКО орнында қауіпсіздікті, ЖКО орнын айналып өтуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда, олар келген сәтке дейін осы функцияны денсаулық сақтау, азаматтық қорғау, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органдардың авариялық-құтқару, медициналық-құтқару және жол-пайдалану қызметтері Нұсқаулыққа сәйкес орындайды.

20. Зардап шеккендерді мамандандырылмаған жөл-жөнекей көлікпен эвакуациялаудың орындылығы туралы шешімді тек ЖКО орнында болған медициналық-құтқару және медициналық қызметтер қабылдайды.

21. ЖКО орнында біруақытта медициналық және медициналық-құтқару көмегі қызметтері болған жағдайда ЖКО орнында медициналық көмек көрсету, ЖКО-да зардап шеккендерді ауруханаға жатқызу, ЖКО орнына аумақтық денсаулық сақтау ұйымдарының қосымша күштері мен құралдарын тарту бойынша жалпы басшылықты ТМҚП бригадасының аға лауазымды адамы жүргізеді.

22. ЖКО орнында біруақытта авариялық-құтқару және медициналық-құтқару көмегі қызметтері болған жағдайда ЖКО орнында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге жалпы басшылықты авариялық-құтқару бригадасының аға лауазымды адамы жүргізеді.

23. ҚМП, ТМҚП, ҰШМҮО бөлімшелері мен медициналық ұйымдар арасында қызметтің сабақтастығы тікелей және кері байланыс қағидатын көздейді және:

1) барлық деңгейдегі ЖКО кезінде шұғыл көрсеткіштер бойынша жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

2) зардап шеккендерге жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсететін медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсету үшін эвакуациялау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4-тарау. Халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының мейлінше қауіпті учаскелерінде ЖКО кезінде зардап шеккен адамдарға көмек көрсету тәртібі

24. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының анағұрлым авариялық қауіпті учаскелерінде ЖКО кезінде зардап шеккен адамдарға медициналық көмекті жауапты аймағының шегінде ТМҚП көрсетеді. ТМҚП жауапты аймағы орналасқан орнынан трассаның радиусы 50 шақырым учаскесі болып табылады.

25. ТМҚП бригадасы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес үлгі штаттық кестесіне сәйкес мамандармен жасақталады.

26. ТМҚП бригадасының негізгі міндеті ЖКО кезінде зардап шеккендерді соңынан жақын орналасқан медициналық ұйымдарға эвакуациялаумен шұғыл медициналық-құтқару көмек көрсету болып табылады.

ТМҚП шұғыл ден қою бригадасының жұмыс тәртібіне сәйкес ТМҚП ЖКО салдарынан зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

27. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның тиісті қызметтері мен бөлімшелері халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының учаскелерінде орналасқан ТМҚП-ға кіреберіс жолдарды функционалдық жай-күйде ұстауды қамтамасыз етеді.

28. ТМҚП жауапты ауданынан тыс аймақта, облыстық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының учаскелерінде ЖКО-да зардап шеккендерге медициналық көмекті ҚМПА аумақтық ұйымдарының (станциялар, кіші станциялар, бөлімшелер) ҚМПА бригадалары, ҰШМҰО мобильді бригадалары көрсетеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

29. Облыстық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының анағұрлым авариялық қауіпті учаскелерінде ЖКО-да зардап шеккендерге білікті медициналық көмек ауданаралық травматологиялық бөлімшелерде, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан интенсивті терапия палатасымен хирургиялық бөлімшелері бар жақын орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарының жалпы хирургиялық бөлімшелерінде көрсетіледі.

Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидаларына 1-қосымша

Жол-көлік оқиғалары кезінде шұғыл ден қою қызметтерінің құлақтандыру схемасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597 , ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.



Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидаларына 2-қосымша

Жол-көлік оқиғалары туралы ақпаратты қабылдаған кезде трассалық медициналық-құтқару пунктінің және (немесе) жедел медициналық көмек диспетчерінің іс-қимыл алгоритмі

1. Авариялар мен апаттар кезінде 112, 101, 102, 103 қызметтеріне және шұғыл шақыру жүйесіне сигнал келіп түскен кезде осы қызметтердің (бөлімдердің) жедел кезекшілері жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) кезінде шұғыл ден қою қызметтерін хабардар ету схемасы бойынша ақпаратты жауапкершілігі аймағында ЖКО болған трассалық медициналық-құтқару пунктінің (бұдан әрі – ТМҚП) кезекші диспетчеріне, жедел медициналық көмек (бұдан әрі – ЖМК) ұйымының жақын маңдағы бөлімшесіне немесе "Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның диспетчерлік қызметіне береді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. ТМҚП және (немесе) ЖМК фельдшер-диспетчеріне орын алған ЖКО туралы сигнал келіп түскен кезде, ол мынадай:

- 1) жақын маңдағы елді мекеннен (атауы) қашықтығын немесе оның бағдарын көрсете отырып, ЖКО-ның нақты орын алған жері;
- 2) ЖКО сипаты (соқтығыс, жану, аударылу, кюветке шығып кету, жаяу жүргіншіні қағып кету және т.б.);
- 3) ЖКО-ның нақты немесе шамамен алынған уақыты;
- 4) зардап шеккендер (қаза болғандар) саны;
- 5) зақымданудың басым сипаты: жарақат, күй және т.б.;
- 6) зардап шеккендердің арасында балалардың болуы;
- 7) ақпарат көзі (Т.А.Ә., байланыс телефоны) туралы ақпарат алуды жүзеге асыруы;
- 8) қажет болған жағдайда ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы келгенге дейін алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша ұсынымдар беруі қажет.

3. ТМҚП және (немесе) ЖМК шұғыл ден қою бригадасы өздігінше немесе жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуші уәкілетті органның патрульдік полициясы қызметкерлерінің ілесіп жүруімен ЖКО орнына дереу шығады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. ТМҚП және (немесе) ЖМК фельдшер-диспетчері кері байланыс әдісімен ақпараттың анықтығын тексереді.

5. Жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) орнына бірінші келген және өмір үшін өспелі қауіппен қатар болатын ағзаның негізгі функцияларының бұзылумен ауыр жарақат алған зардап шеккеннің біреуден көп санын тапқан трассалық медициналық-құтқару пунктінің (бұдан әрі – ТМҚП) және (немесе) жедел медициналық көмек (бұдан әрі - ЖМК) бригадасы бұл туралы кезекші фельдшер-диспетчеріне хабар береді, олар өз кезегінде:

ТМҚП кезекші фельдшер-диспетчері қосымша күштер мен құралдардың қажеттілігі туралы "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің аумақтық филиалы басшысына және аумақтық Төтенше жағдайлар департаментінің (бұдан әрі – ТЖД) бірыңғай кезекшік-диспетчерлік қызмет басқармасының (бұдан әрі – БҚДҚБ) жедел кезекшісіне жедел ақпарат береді.

ЖМК кезекші фельдшер-диспетчері қосымша күштер мен құралдардың қажеттілігі туралы өз басшысына және ТЖД БҚДҚБ жедел кезекшісіне жедел ақпарат береді, бұдан әрі өз басшысының өкімі бойынша қызметкерлерді құлақтандыру схемасын қосады.

6. Бұдан әрі ТМҚП және (немесе) ЖМК кезекші фельдшер-диспетчері ЖКО (ТЖ) орнындағы бригадалардың жедел ақпаратын қабылдауды және жоғары тұрған басшылыққа беруді қамтамасыз етеді (ақпараттың келіп түсуіне қарай, бірақ кемінде әрбір 15 минут сайын).

Жол-көлік оқиғаларына
жедел ден қою және онда
зардап шеккен адамдарға
уақтылы кешенді көмек
көрсету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) туралы ақпаратты тіркеу журналы

Р/с №	Ақпараттық түсуі (күні, уақыты)	Ақпарат көзі	ЖКО –ның орны (бағыты, шақырымы)	ЖКО-ның болған уақыты және сипаты	Зардап шеккендердің саны		Қ а з а болғандардың саны	
					барлығы	Оның ішінде балалар	барлығы	Оның ішінде балалар

ЖКО-дағы болған көлік құралдарының саны (қажет болса олардың техникалық сипаттары)	Қызметтің ішінде ЖКО туралы ақпарат кімге және қашан жіберілді	ЖКО салдарларын жою бойынша орындалған жұмыстардың аяқталған уақыты мен орындалған жұмыстардың сипаты туралы қабылданған шаралары, белгілері	Ақпаратты шұғыл ден қою қызметтеріне беру		
			Шұғыл ден қою қызметінің атауы	Ақпарат беру уақыты мен күні	Ж К О туралы ақпаратты қабылдаған адам туралы мәлімет

Жол-көлік оқиғаларына
жедел ден қою және онда
зардап шеккен адамдарға
уақтылы кешенді көмек
көрсету қағидаларына
4-қосымша

Трассалық медициналық-құтқару пункттері және (немесе) жедел медициналық көмек бригадаларының жол-көлік оқиғалары орнындағы іс-қимыл алгоритмі

1. Жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) орнына бірінші келген трассалық медициналық-құтқару пунктінің (бұдан әрі – ТМҚП) және (немесе) жедел медициналық көмек (бұдан әрі - ЖМК) бригадасы емдеу-эвакуациялық іс-шаралардың өткізілуін ұйымдастырады және:

1) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын;

2) медициналық-құтқару іс-шараларын (зақымдау факторын тоқтату, өртті сөндіру және зардап шеккендерді автомобильден алып шығу, сондай-ақ зардап шеккендердің медициналық сұрыпталуын ұйымдастыру, шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша шаралар қабылданады);

3) жағдайдың одан әрі өзгеруін қоса алғанда, оны бағалауды, ТМҚП фельдшер-диспетчерін хабардар етуді;

4) 10 минуттан аспайтын уақыт кететін госпитальға дейінгі кешенді, атап айтқанда: мынадай:

зардап шеккеннің жай-күйін және оның алған зақымдарын жылдам, бірақ мүмкіндігінше нақты бағалау;

ауа қуысы жолдарының өткізгіштігі мен тыныс алуды қалпына келтіру;

сыртқы қан кетуді тоқтату;

ауырсынуды басу;

сүйек сынуларын иммобилизациялау;

жүйелерді орнату және ерітінділердің белсенді инфузияларын бастау нақты талаптарды қамтитын госпитальға дейінгі кешеннің минимумын іске асыруды;

5) қажет болған жағдайда өзіне санитариялық авиация және (немесе) ЖМК бригадалары түрінде қосымша күштер мен құралдарды шақыруды (ТМҚП фельдшер-диспетчері арқылы ақпаратты беру жолымен) жүзеге асырады.

2. Қосымша күштер келгенге дейін ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы реанимобильде немесе ТМҚП-да бар құралдармен зардап шеккендердің өмірлік маңызды функцияларын ұстауды қамтамасыз етеді. Медициналық көмек көрсетудегі сабақтастық сақтала отырып, автомашинадағы зардап шеккен (науқас) келген жедел медициналық көмек бригадасына немесе санитариялық авиацияның мобильдік бригадасына беріледі.

3. ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы телефон және (немесе) радиобайланыс немесе ТМҚП және (немесе) ЖМК фельдшер-диспетчері арқылы медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесінің кезекші дәрігерін зардап шеккендерді тасымалдау туралы қабылдауға дайындау үшін ескертеді.

4. ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы:

1) зардап шеккендерді жақын маңдағы медициналық ұйымға жылдам эвакуациялауды қамтамасыз етеді, эвакуацияланатын әрбір адамға ТЖ-да зардап шеккеннің (науқастың) алғашқы медициналық картасы "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі -

№ 907 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген 025-6/у нысанына сәйкес толтырылады;

2) зардап шеккенді (науқасты) ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасынан жақын маңдағы медициналық ұйымға қабылдау зардап шеккенді (науқасты) қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, № 907 бұйрықпен бекітілген 025-6/е нысанына сәйкес қабылдау бөлімінің кезекші дәрігерінің (фельдшерінің, медбикесінің) ЖКО-да зардап шеккеннің (науқастың) түбіртегіндегі алғашқы медициналық картасының қолтаңбасымен куәландырылады;

3) ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасының стационардың қабылдау бөлімшесі болу уақыты мен іс-қимыл тәртібі "Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15473 болып тіркелген) бекітілген, Жедел медициналық көмек көрсету қағидаларының 22, 23 және 24-тармақтарымен регламенттелген.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

5. Шақыруды алған сәттен бастап, зардап шеккен (науқас) 1 (бір) сағаттан астам уақыт реанимобильде болған жағдайда, ТМҚП бригадасы фельдшер-диспетчерге кешігу себебі туралы баяндайды.

6. Егер ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы шақыруға бара жатқан кезде немесе зардап шеккендерді эвакуациялау барысында жолда басқа ЖКО немесе төтенше жағдайды кездестірсе, ол туралы ТМҚП және (немесе) ЖМК фельдшер-диспетчеріне дереу хабарлап ("жолда тоқтау" туралы хабарлама), барлық зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетеді. Фельдшер-диспетчер жаңа ЖКО туралы ақпаратты жақын маңдағы медициналық ұйымға беріп, жедел медициналық көмек қызметінің бригадасын шақырады және (немесе) "Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның диспетчерлік қызметін санитариялық авиацияны қолдану қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Жарақат ауырлығының дәрежесіне байланысты ТМҚП бригадасының шақыруын ЖМК бригадасына беру туралы, бұл ретте диспетчердің тегін, уақыты мен күнін көрсете отырып, № 907 бұйрықпен бекітілген 110/е нысанына сәйкес шақыру картасында белгі жасап, ТМҚП бригадасының шақыру орнына баруы немесе тоқтатылған эвакуацияны жалғастыру туралы мәселе шешіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 597, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7. Шақыруға барар жолда немесе ЖКО-да зардап шеккендерді эвакуациялау кезінде реанимобильдің ақаулығы пайда болған жағдайда, кез келген себеп бойынша уақтылы шығу мүмкіндігі болмаған кезде, ТМҚП және (немесе) ЖМК фельдшер-диспетчері шақыруды дереу жақын маңдағы медициналық ұйымға береді.

8. Зардап шеккенді (науқасты) тасымалдаумен байланысты шақыру орындалғаннан кейін зардап шеккеннің (науқастың) қалдырылған заттары немесе құндылықтары анықталған жағдайда, ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы ол жөнінде ЖМК диспетчеріне дереу хабарлайды, ал мүлік акті бойынша қабылдау бөліміне тапсырылады.

Жол-көлік оқиғаларына
жедел ден қою және онда
зардап шеккен адамдарға
уақтылы кешенді көмек
көрсету қағидаларына
5-қосымша

Зардап шеккендердің саны көп жол-көлік оқиғалары кезінде трассалық медициналық-құтқару пунктінің және (немесе) жедел медициналық көмек бригадаларының іс-қимыл алгоритмі

1. Жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) орнына бірінші келген және өмір үшін өспелі қауіппен қатар болатын ағзаның негізгі функцияларының бұзылумен ауыр жарақат алған зардап шеккеннің біреуден көп санын тапқан трассалық медициналық-құтқару пунктінің (бұдан әрі – ТМҚП) және (немесе) жедел медициналық көмек (бұдан әрі - ЖМК) бригадасы қосымша күштер мен құралдарды шақырады. Олар келгенге дейін зардап шеккендердің тіршілік әрекеттерін демеу жөніндегі кезек күттірмейтін іс-шараларды жүргізеді.

Лауазымы бойынша жоғары адам келген кезде орындалған іс-шаралар туралы баяндап, оның қарамағында болады.

ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы:

1) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

ТМҚП және (немесе) ЖМК аға дәрігері (фельдшер) ол болған жағдайда авариялық-құтқару жұмыстарының басшысына таныстырылады, оның тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, өзара іс-қимыл және байланысты ұйымдастыру тәртібін нақтылайды.

2) медициналық-тактикалық барлау жүргізеді:

нақты мекенжайы, төтенше жағдайлар себептері мен түрі, зақымдау факторлары, ошақ көлемі мен оның шектері;

төтенше жағдайлар басталған уақыт;
төтенше жағдайларда зардап шеккендердің және қаза болғандардың саны;
төтенше жағдайлар аймағындағы ауа-райы жағдайлары;
келу жолдарының жай-күйі, жергілікті жер бедері;
зардап шеккендерді жинау, төтенше жағдайлар ошағынан шығару шарттары;
зардап шеккендерді эвакуациялау жолдары;
қосымша күштер мен құралдарға қажеттілік.

3) ТМҚП және (немесе) ЖМК диспетчеріне медициналық барлау нәтижелері туралы баяндайды (кейіннен әрбір 15-30 минут сайын немесе жағдайға қарай дереу);

4) сұрыптау және эвакуациялық алаңдарды ұйымдастырады.

2. ТМҚП және (немесе) ЖМК бригадасы зардап шеккендерді емдеу белгілері бойынша алғашқы сұрыптау мен маркалауды алдын ала жүргізе отырып, өмірлік көрсеткіштері бойынша көмек көрсетеді:

1) өмірлік көрсеткіштері бойынша шұғыл көмекті қажет ететіндер: ағзаның негізгі функцияларының өмірге қауіпті өршіп келе жатқан бұзылулармен сүйемелденетін ауыр зақым алған зардап шеккендер (II сұрыптау тобы);

2) осы кезеңде өмірлік көрсеткіштері бойынша шұғыл көмекті қажет етпейтіндер, көмек уақыты бойынша шегерілуі немесе эвакуацияның келесі кезеңінде көрсетілуі мүмкін:

өмірге тікелей қауіп төндірмейтін ауыр және ауырлығы орташа зақым алған зардап шеккендер (III сұрыптау тобы);

эвакуациялаудың осы кезеңінде медициналық көмек көрсетуді қажет етпейтін жеңіл зақым алған зардап шеккендер (IV сұрыптау тобы);

өмірмен сай келмейтін жарақаттары бар, симптоматикалық емдеу мен соңғы кезекте эвакуациялауды қажет ететін зардап шеккендер (I сұрыптау тобы);

3. Мына белгілер бойынша айналадағылар үшін қауіптің жай-күйі бойынша екінші сұрыптау мен маркалауды жүргізеді:

1) арнайы өңдеуді қажет етеді;

2) арнайы өңдеуді қажет етпейді;

3) оқшаулауды қажет етеді, әлеуметтік қауіпті (ахуалдық реакциялар, жүріс-тұрыс пен сөйлеу қабілетінің бұзылуы).

4. Үшінші конвейерлік сұрыптау мен маркалауды, зардап шеккендерді қарауды және оларға медициналық көмек көрсетуді жүргізеді:

1) сананың деңгейін анықтау ("шейк-тест");

2) сыртқы тыныс алу функцияларын бағалау ("көремін-естимін-сеземін" амалы);

3) қан айналымының функциясын бағалау (ұйқы артериясында пульсты анықтау);

4) көз қарашығының жарыққа реакциясын анықтау;

5) зардап шеккеннің өміріне ең қауіпті зақымдардың белгілерін анықтау (клиникалық өлім, коматоз жағдайы, асфикция, массивті қан кету, шок, кеуде

клеткасының пневмоторакспен (ашық немесе кернелген) жарақат алуы, құрысқак синдромы).

5. ТМКП және (немесе) ЖМК аға дәрігері (фельдшер) авариялық қызметтермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, медициналық құжаттаманың жүргізілуін бақылайды, эвакуокөліктік сұрыптау өткізуді және мынадай эвакуациялық белгілер бойынша зардап шеккендерді эвакуациялауды ұйымдастырады:

- 1) зардап шеккендерді эвакуациялау кезектілігі;
- 2) көлік түрі;
- 3) эвакуациялық бағыт;
- 4) зардап шеккеннің тасымалдау кезіндегі жағдайы.

6. Эвакуокөліктік сұрыптауды және зардап шеккендерді эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде эвакуациялаудың негізгі қағидаттарын сақтау ұсынылады:

санитариялық көліктің зембілдегі зардап шеккендерге жақындауы;

туысқандарды бірін-бірінен ажыратпау;

жүкті әйелдер мен балаларға басымдық беріледі;

зардап шеккендердің көлік салонында дұрыс орналастырылуын ұйымдастыру;

седативтік дәрілік заттарды алдын ала енгізе отырып, психомоторлы қозу жай-күйіндегі зардап шеккендерді зембілге баумен бекіту;

жеңіл зардап шеккендер (отырып баратындар) көлікке соңғы кезекте орналастырылады, олардың бір бөлігі жол жөнекей көлікпен эвакуацияланады;

сипаты мен оқшаулауы бойынша бір бейінді зақымы бар зардап шеккендерді стационарлық медициналық ұйымдарға баратын көлікке отырғызу.

Жол-көлік оқиғаларына
жедел ден қою және онда
зардап шеккен адамдарға
уактылы кешенді көмек
көрсету қағидаларына
6-қосымша

Трассалық медициналық-құтқару пункттері шұғыл ден қою бригадаларының үлгілік штаттық кестесі

Р/с №№	Лауазымдардың атауы	Бірлік саны	Ескертпе
1.	Дәрігер	1,0	
2.	Фельдшер	1,0	
3.	Фельдшер-диспетчер	1,0	
4.	Жүргізуші-құтқарушы - санитар	1,0	
5.	Құтқарушы - санитар	1,0	
	Жиыны	5,0	

Ескертпе:

1. Трассалық медициналық-құтқару пунктi тәулiк бойы тұрақты әзiрлiк режимiнде жұмыс iстейдi.

2. Дәрiгер лауазымы жедел көмек дәрiгерiнiң тиiстi сертификаты бар, сондай-ақ хирургия, травматология және ортопедия, анестезиология және реаниматология мамандықтары бар мамандардан жасақталады. Бұл мүмкiн болмаған жағдайда, емдеу iсi, педиатрия мамандықтары бар мамандармен жасақтауға болады.

3. Дәрiгерлер болмаған жағдайда дәрiгер лауазымын тиiстi маманмен жасақтай отырып, аға фельдшер лауазымымен ауыстыруға болады.

4. Жүргiзушi – құтқарушы – санитар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң 2009 жылғы 19 қарашадағы № 753 бұйрығымен бекiтiлген Медициналық бiлiмi жоқ тұлғаларды (парамедиктердi) дәрiгерге дейiнгi медициналық көмек көрсету бойынша даярлау қағидаларына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 5937 болып тiркелген) сәйкес парамедик деңгейiнде медициналық көмек көрсету бағдарламасы бойынша даярлануы тиiс.

Жол-көлiк оқиғаларына жедел
ден қою және онда зардап
шеккен адамдарға уақытылы
кешендi көмек көрсету
қағидаларына 7-қосымша

Трассалық медициналық-құтқару пункттерiнiң шұғыл ден қою бригадасының жұмыс тәртiбi

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Iшкi iстер министрiнiң 28.06.2019 № 597 , ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрiнiң 28.06.2019 № 458 және ҚР Денсаулық сақтау министрiнiң 28.06.2019 № ҚР ДСМ-101 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бiрлескен бұйрығымен.

1. Трассалық медициналық-құтқару пункттерiнiң (бұдан әрi -ТМҚП) қызметi " Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимi енгiзiлген кезде медициналық көмек ұсыну қағидаларын, оның түрлерi мен көлемiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2010 жылғы 17 маусымдағы № 608 қаулысына, "Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң 2017 жылғы 3 шiлдедегi № 450 бұйрығына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 15473 болып тiркелген), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтiк құқықтық актiлерiмен, сондай-ақ осы Жол-көлiк оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақытылы кешендi көмек көрсету қағидаларына (бұдан әрi – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

2. ТМҚП кезекші қызметіне жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі –ЖКО) жағдайы туралы сигнал келіп түскен кезде ТМҚП фельдшер-диспетчері осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес ЖКО туралы ақпаратты қабылдаған кезде ТМҚП және (немесе) жедел медициналық көмек диспетчерінің іс-қимыл алгоритміне сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады.

3. ЖКО жағдайы туралы ТМҚП фельдшер-диспетчері қаланың, ауданның ішкі істер бөлімінің кезекші бөліміне хабарлайды және ЖКО жағдайын нысан бойынша осы ТМҚП шұғыл ден қою бригадасы жұмысының тәртібіне 1-қосымшаға сәйкес ЖКО-ны тіркеу журналына тіркейді.

ТМҚП фельдшер-диспетчері "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелді) 058/2е нысаны бойынша (бұдан әрі - № 907 бұйрығы) "АМО" ММ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының кезекші диспетчеріне ЖКО туралы шұғыл мәлімдеме ұсынады.

4. ТМҚП және (немесе) ЖМК шұғыл ден қою бригадасы өздігінше немесе жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның патрульдік полициясы қызметкерлерінің ілесіп жүруімен ЖКО орнына дереу шығады.

5. ТМҚП бригадасы ЖКО келуі бойынша медициналық-құтқару іс-шараларын (зақымдау факторын тоқтату, өртті сөндіру және зардап шеккендерді автомобильден алып шығу) жүзеге асырады. ТМҚП және (немесе) жедел медициналық көмек бригадаларының ЖКО орнындағы іс-қимыл алгоритмге сәйкес осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Зардап шеккендердің саны көп ЖКО кезінде ТМҚП және (немесе) жедел медициналық көмек бригадаларының іс-қимыл алгоритмге сәйкес осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

ТМҚП бригадасының басшысы жағдайды бағалайды және оның одан әрі өзгеруін қосумен ТМҚП фельдшер-диспетчеріне хабар береді.

6. ТМҚП бригадасы қаза болған (қайтыс болған) адамды тапқан кезде бұл туралы аумақтық ішкі істер органына хабарлайды. ЖКО орнындағы мәйітті ТМҚП автокөлігімен тасымалдауға жол берілмейді және аумақтық ішкі істер органдардың қызметкері жүзеге асырады.

7. Зардап шеккен реанимациялық іс-шаралар және медициналық ұйымға эвакуациялау барысында қайтыс болған жағдайда ТМҚП бригадасы бұл туралы ТМҚП фельдшер-диспетчеріне хабарлайды, ал ТМҚП фельдшер-диспетчері өз кезегінде тергеу іс-қимылдарын жүргізу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттері аумақтық бөлімшелерінің кезекші бөліміне хабарлайды.

8. ТМҚП бригадасы оқиға орнынан ЖКО салдарын жою басшысымен келісу бойынша зардап шеккендерді эвакуациялау мақсатында кетеді.

9. ТМҚП бригадасы орналасқан орнына оралған соң оның басшысы "АМО" ММ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының кезекші диспетчеріне бригаданың іс-қимылы және зардап шеккендердің жай-күйі туралы шұғыл мәлімдемені № 907 Бұйрықпен бекітілген 058/2е нысанына сәйкес береді.

10. Фельдшер-диспетчер осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес ТМҚП күштері мен құралдарының жай-күйі, ЖКО медициналық-санитариялық салдарларын жоюға қатысуы туралы үлгілік жиынтық ақпаратты толтырады және күн сайын "АМО" ММ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының кезекшілік-диспетчерлік қызметіне жолдайды.

11. ТМҚП бригадасының кезекшілігі аяқталған соң, оның басшысы осы Тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес ЖКО-да, төтенше жағдайларда зардап шеккендерді және ТМҚП-ға келгендерді есепке алу парағын толтырады және "АМО" ММ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының кезекші диспетчеріне жөнелтеді.